

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2894 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1998 жылғы 26 наурыздағы N 3891. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2001.10.15. N 702 Жарлығымен. ~ U010702

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар N 2694 U952694_ Жарлығының 50-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2894 U962894_ Жарлығының 1-тармағына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мына сөздер алынып тасталсын:

"Колпаков Константин Анатольевич - Қазақстан Республикасының Әділет министрі ;

Мостович Александр Эдуардович - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты ;

Мұхамеджанов Бауыржан Әлімұлы - Қазақстан Республикасы Президенті

Әкімшілігінің Заң және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлімінің меңгерушісі;

Шуткин Степан Иванович - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры;

2) мына сөздермен толықтырылсын:

"Ескендіров Қайролла Ғазизұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты;

Мұхамеджанов Бауыржан Әлімұлы - Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Хитрин Юрий Александрович - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры";

3) "Семиозер", "Талдықорған" сөздері тиісінше "Әуликөл", "Алматы" сөздерімен алмастырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК